

Мектеп директоры:



А.Садиров

**Қосымша білім беру педагогының
2025-2026 оқу жылына арналған
жылдық жұмыс жоспары**

Қосымша білім беру педагогы: **Құрманәлі Б.Қ.**

№94 орта мектеп бойынша қосымша білім беру педагогының 2025- 2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары

I БӨЛІМ. Қосымша білім беру педагогының оқу-тәрбие жұмысындағы мақсаты мен міндеті

Мақсаты:

- ❖ «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтарын білім алушыларға сабақтан тыс үйірмелер және инновациялық жобалар арқылы дарыту;
- ❖ Білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу;
- ❖ Тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылаулар арқылы құндылықтарды дәріптеу;
- ❖ Жаңа жобалар арқылы өз бетінше жұмыс жасай алатын орта бейімдеу;
- ❖ Оқушылардың жеке мүмкіндігін, қабілеті мен сұранысына қарай білім алуына жағдай жасау;
- ❖ Нарықтық жағдайында еркін өмір сүре алатын, әлемдік білім кеңістігіне ене алатын, білім бәсекесіне қабілетті оқу орнына айналдыру үшін қызмет жасау.

Міндеті:

- ❖ Қосымша білім беру саласындағы білім алушылардың әртүрлі шығармашылық қызметін ұйымдастыру;
- ❖ Қосымша білім беру бағдарламалары мен жоспарларын әзірлеуге және іске асыруға қатысып, сапалы орындалуын қамтамасыз етуі;
- ❖ Үйірме, секция, студия, клубтық және басқа бірлестіктердің жүйелі жұмыс жасауына жағдай тудыру;
- ❖ Балалардың шығармашылық қабілетін анықтау, оны дамытуға, кәсіби қызығушылығының тұрақты қалыптасуына, тәрбиеленушілердің тұлғалық рухани-адамгершілігін қалыптастыруға ықпал ету;
- ❖ Дарынды және талантты білім алушылардың дамуына қолдау көрсету;
- ❖ Оқушылардың мәдени-көпшілік шараларына қатысуын ұйымдастыру;
- ❖ Оқу үрдісінде балалардың өмірі мен денсаулығын сақтауға қажетті жағдай жасау;
- ❖ Еңбекті қорғау, өрттен сақтану мен қауіпсіздік техникасы нормалары мен ережелерін сақтауды қамтамасыз ету;
- ❖ Ата-аналарға, оларды алмастырушыларға, сол сияқты педагог қызметкерлерге қажетті кеңес беру;
- ❖ Әдістемелік бірлестік және басқа әдістемелік жұмыстарға қатысу;

Күтілетін нәтиже:

- ❖ Білім алушыларды профилактикалық іс-шараларға тарту арқылы білім алушылардың жеке құндылықтары қалыптасады;
 - ❖ Оқушылар жатық сөйлеуге, кез-келген ортада қарым-қатынасқа түсе алуға даярланады;
 - ❖ Өзіне тән стильдік ерекшелігі қалыптасады, ойын анық, дәл, шешен тілмен жеткізеді.
 - ❖ Оқушылардың интеллектуалдық қабілеттері, шығармашылық әлеуеті артады;
 - ❖ Моральдық нормаларға сәйкес өзінің және басқалардың іс-әрекеттерін талдай біледі;
 - ❖ Жағдаяттардан жол тауып шыға алады.
-

P/c	Жыл бойы жүргізілетін жұмыстар	Мерзімі	Жауапты орындаушы
Пән мұғалімдерімен ұйымдастырылатын жұмыстар			
1	2025-2026 оқу жылына арналған пәндік және сыныптан тыс үйірме жұмыстарын жоспарлау, бекіту	қыркүйек	ҚББП
2	Пән мұғалімдеріне кеңестер беру, үйірме жоспарларының білім бағдарламасына сай жасалуын қадағалап бекіту.	Қыркүйек	ҚББП, ОІМ
3	Пән мұғалімдерінің әдістемелік біліктілігін жетілдіру мақсатында жасалатын жұмыстарға қатысып отыруын қадағалау.	Жыл бойы	ҚББП
4	Мектептегі үйірме жұмыстарының кестеге сай жоспарлы өтуін және журналға дұрыс толтыруын бақылау.	Жыл бойы	ҚББП
5	Мектептен тыс тәрбие орталықтарымен байланысты нығайту (кітапхана, мұражай, оқушылар үйі т.б.)	Жыл бойы	ҚББП
6	Әдістемелік бірлестік жетекшілерімен бірлесіп жұмыс жасау.	Жыл бойы	ҚББП
7	Пән мұғалімдерінің үйірме жұмыстарын қадағалап, қаблетті, дарынды оқушылармен жұмыс жасауына ықпал етіп отыру.	Жыл бойы	ҚББП
8	Пән бойынша қабілеті жоғары, дарынды, уәжі төмен балаларды анықтау	қыркүйек	психолог
9	Дарынды оқушыларды іріктеу, үйірмелерге тарту.	қыркүйек	ҚББП
10	Уәжі төмен оқушылардың үйірмелерге тартылуын қадағалау	Қыркүйек	ҚББП
11	Мереке күндеріне арналған шараларға, білім сайыстарына үйірмелерге қатысатын оқушылардың қатысуын қадағалау	қыркүйек	ҚББП
12	Үйірме жетекшілерінің өзара тәжірибе алмасуына ықпал ету / үйірме сабақтарына ену/	Жыл бойы	ҚББП
13	Үйірме жұмыстарының жетістіктерін насихаттау, БАҚ –та жариялау	Жыл бойы	ҚББП
14	«Самұрық» дебат клубының жоспарға сай, жүйелі түрде жүргізу	Жыл бойы	ҚББП
15	«Болашақ» театрының жұмысын жүйелі жүргізу	Жыл бойы	ҚББП
16	«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасындағы әлеуметтік жобалар бойынша жұмыстар жүргізу	Жыл бойы	ҚББП
17	Барлық жобалардың өткізілуін #Адал_Азамат хэштегі арқылы әлеуметтік желілерде және БАҚ-та жариялау	Жыл бойы	ҚББП
18	Қосымша білім беру мекемелерімен байланыста болу	Жыл бойы	ҚББП
19	Білім алушылардың үйірмеге қатысуын қадағалау	Жыл бойы	ҚББП
20	Үйірме сабақтарының талапқа сай, кесте бойынша өткізілуін қадағалау	Жыл бойы	ҚББП

II бөлім. ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ			
Р/с	Атқарылатын жұмыстар	Мерзімі	Жауапты
1	Баспасөз беттеріне өз шығармашылығынан материал жариялау	Үнемі	Үйірме жетекшілері
2	«Үздік үйірме жоспары - 2025» байқауын ұйымдастыру	қазан	ҚББП Үйірме жетекшілері
3	«Қосымша білім беру – бала дамуының кепілі» атты педагогикалық оқу ұйымдастыру	қараша	ҚББП
4	«Үйірмені ұйымдастырудың жаңаша тетіктері» тренинг	желтоқсан	ҚББП үйірме жетекшілері
5	«Оқушылардың ғылыми ізденістік және шығармашылық жұмыстарын жетілдіру жолдары» педагогикалық оқу	қаңтар	ҚББП МДБӨЖО
6	«БП: мектептегі үйірме баланы ештенеге қызықтыра алмайды деп есептейді» тақырыбында үйірме жетекшілері арасында дебат ұйымдастыру	Сәуір	ҚББП
7	«Үйірме бізге не үйретті?» білім алушылар мен үйірме жетекшілері арасында сұхбат жүргізу	Мамыр	ҚББП

III бөлім. ҚОСЫМША БАҒДАРЛАМАЛАР МЕН ЖОБАЛАР ШЕГІНДЕГІ ЖҰМЫСТАР			
Р/с	Атқарылатын жұмыстар	Мерзімі	Жауапты
1	Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру, «ШАБЫТ», «SMART BALA», «ҮШҚЫР ОЙ» жобаларымен жұмыс жасау	жыл бойы	Мектеп әкімшілігі
2	Оқушылардың бейімі мен қызығушылығына қарай оларды түрлі конкурстар мен ойын-сайыстарға үздіксіз дайындау, өнер байқауларына, марафондарға, көрмелерге қатысуына ықпал ету	мерзімінде	Пән мұғалімдері, үйірме жетекшілері, сынып жетекшілер
3	ЕББҚ білім алушылардың үйірмемен қамтылуын және олардың үйірмеге қатысуын қадағалау	жыл бойы	ҚББП
4	Танымдық тәсілдеріне мақсатты және жүйелі түрде баулуга бағытталған үйірмелер, студия, клубтар жұмысының жоспарлы өткізілуін қадағалау, ұйымдастыру	жыл бойы	ҚББП Пән мұғалімдері
5	Мектептен тыс тәрбие орталықтарымен байланысты нығайту (кітапхана, мұражай, оқушылар үйі, ән-әуез, спорт мектептері, мәдениет үйі, аудандық жастар ресурстық орталығы, «Серік» ТВ, т.б.)	жыл бойы	ҚББП Үйірме жетекшілері
6	«Мен қандай үйірмені қалаймын?» 5-сынып оқушыларымен әңгімелесу өткізу	қыркүйек	ҚББП
7	1-қазан қарттар күніне және Ұстаздар күні мерекесіне орай, «Қарт ұстаздан өнеге» атты мектебіміздің ұлағатты ардагер ұстазымен кездесу өткізу	қыркүйек	ҚББП
8	Қазақтың тұңғыш романының авторы, ақын, публицист, мәдениет және қоғам қайраткері Міржақып Дулатовтың туғанына 140 жыл толуына орай, 5-7-сынып оқушылары арасында «Көзінді аш, оян, қазақ!» атты көркемсөз оқу шеберлерінің байқауын ұйымдастыру	қазан	ҚББП «Сөз мергені» үйірме жетекшісі

9	Кеңес Одағының батыры, жазушы, қоғам қайраткері Мәлік Ғабдуллиннің туғанына 110 жыл толуына орай және Халық қаһарманы, жазушы Бауыржан Момышұлының туғанына 115 жыл толуына орай 8-9 сынып оқушылары арасында пневматикалық мылтық атудан жарыс ұйымдастыру	қазан	ҚББП «Жас сарбаз» үйірмесі
10	Жазушы, қазақ балалар әдебиетінің негізін салушы Сапарғали Бегалиннің туғанына 130 жыл толуына орай бастауыш сынып оқушылары арасында проза жанрында мәнерлеп оқу сайысын ұйымдастыру	қазан	ҚББП Үйірме жетекшілері
11	Қазақтың ұлы ақыны, ағартушы, саяси қайраткер Абай Құнанбаевтың туғанына 180 жыл толуына орай, «Адамзаттың Абайы» тақырыбында 5-7-сынып оқушылары арасында театр байқауын ұйымдастыру	қараша	ҚББП «Драма» үйірмесінің жетекшісі
12	Қазақтың ұлы ақыны, ағартушы, саяси қайраткер Абай Құнанбаевтың туғанына 180 жыл толуына орай, «Абай – великая личность» тақырыбында Абай тәржімалаған Толстой, Пушкин шығармаларынан 8-9-сынып оқушылары арасында көркемсөз байқауын ұйымдастыру	қараша	ҚББП Орыс және ағылшын тілі пәні бойынша үйірме жетекшілері
13	«Ең әдемі жазуы бар, ұқыпты дәптер» байқауын ұйымдастыру /1-11-сынып оқушылары арасында/	желтоқсан	ҚББП
14	«Абай Құнанбаев – Ұлы дала сазгері» Абай Құнанбаевтың туғанына 180 жыл толуына орай өнерпаз оқушылар арасында ән байқауын ұйымдастыру	желтоқсан	ҚББП
15	«Роботпен тілдес!» үйірме мүшелері арасында сайыс ұйымдастыру	желтоқсан	ҚББП «Поэзия әлемі» үйірме мүшелері
16	Көрнекті ағартушы, тарихшы, публицист, лингвист, географ, музыка зерттеуші, археолог, этнограф Шоқан Уәлихановтың туғанына 190 жыл толуына орай және Халық қаһарманы, жазушы Бауыржан Момышұлының туғанына 115 жыл толуына орай 8-10 сынып оқушылары арасында ғылыми – теориялық конференция ұйымдастыру	желтоқсан	ҚББП
17	Қазақ поэзиясының алыбы, ақын, ұлы жыршы Жамбыл Жабаевтың туғанына 180 жыл толуына орай, жазба ақындар мұшайрасын өткізу	қаңтар	ҚББП «Жас ақындар» ү/м
18	«Алтын қазына» көркем және сәндік қолданбалы өнер бойынша балалар шығармашылығының республикалық көрме-байқауының мектепшілік кезеңін өткізу /7 қатысушы/	қаңтар	«Ісмер қыздар», «Шебер қолдар» ү/ж
19	«Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» зияткерлік ойынын ұйымдастыру	ақпан	ҚББП
20	«Ақ шағала» республикалық хореографиялық фестиваль байқауының мектепшілік кезеңін ұйымдастыру /8 қатысушы/	ақпан	«Хореография» үйірме жетекшісі
21	«Жас мобилографтар» үйірмесі мүшелерінің арасында «Алғыс айту» күніне бейнематериалдар байқауын өткізу	ақпан	ҚББП «Жас мобилограф» үйірмесі жетекшісі
22	«Үздік үйірме сабағы – 2024» сайысын ұйымдастыру	наурыз	ҚББП
23	«Мамандықтар әлемін ашамыз» республикалық форумының мектепшілік кезеңін ұйымдастыру /9 қатысушы/	наурыз	ҚББП ДБОЖО
24	«Алау» әскери – спорттық ойынның республикалық финалының мектепшілік кезеңі /9 қатысушы/	наурыз	ҚББП «Жас сарбаз» үйірмесінің жет.-сі

25	Қоғам және мемлекет қайраткері, Алаш қозғалысының жетекшісі Әлихан Бөкейхановтың туғанына 160 жыл толуына орай, «Алаштың Әлиханы» тақырыбында ғылыми-теориялық конференция ұйымдастыру	наурыз	ҚББП «Тарих» үйірме мүшелері
26	«3D зертхана» физика, химия және биология пәндері бойынша оқушылардың зертханалық жұмыстарының байқауын ұйымдастыру	наурыз	ҚББП Үйірме мүшелері
27	«Гүлдер» мерекесін ұйымдастыру /5-10-сынып/	сәуір	ҚББП «Гүлдер сыры» үйірмесі жетекшісі
28	«Табиғатты аяла» жас өлкетанушылар, экологтар мен табиғат зерттеушілердің республикалық форумының мектепшілік кезеңін ұйымдастыру /9қатысушы/	сәуір	ҚББП «Гүлдер сыры» үйірмесі жетекшісі
29	Техникалық, шығармашылық және өнертапқыштардың (әуе, зымыран, көлік, кеме құрастыру) республикалық жарысының мектепшілік кезеңін ұйымдастыру /9 қатысушы/	сәуір	ҚББП «Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» үйірмесі жетекшісі
30	«Менің Отаным - Қазақстан» туристік экспедициялық жасақтардың республикалық слетінің мектепшілік кезеңін ұйымдастыру /9қатысушы/	сәуір	ҚББП Үйірме жетекшілері
31	«Бояулар құпиясы» жас суретшілердің республикалық байқауының мектепшілік кезеңін өткізу /7қатысушы/	сәуір	ҚББП «Шебер қолдар» үйірмесі мүшелері
32	Педагог, қоғам қайраткері Ахмет Қуанұлы Жұбановтың туғанына 120 жыл толуына орай, мектеп өнерпаздарымен «Ақ көгершін» әніне бейнебаян түсіру	сәуір	ҚББП Үйірме мүшелері
33	«Менің Отаным – менің бастамам» шығармашылық жобалар байқауын ұйымдастыру /12-16 жас аралығындағы оқушылар арасында/ /8қатысушы/	мамыр	ҚББП
34	«Қазақстан балалары шексіз әлемде» балалар киносының республикалық фестивалінің мектепшілік кезеңін ұйымдастыру /8қатысушы/	мамыр	ҚББП «Драма» үйірмесінің жетекшісі
35	«Театрдың ғажайып әлемі» театр өнерінің республикалық фестиваль-байқауының мектепшілік кезеңін өткізу /7қатысушы/	мамыр	ҚББП «Драма» үйірмесінің жетекшісі
36	«Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» байқауын ұйымдастыру /4-8-сынып оқушылары арасында/ /9қатысушы/	мамыр	ҚББП Үйірме жетекшісі
37	«Төрт тоқсан – төрт өнер» ұлттық мәдени – ағарту жобасы бойынша, «Туған өлкем» фестивалін ұйымдастыру	мамыр	ҚББП Үйірме жетекшілері
38	Үйірме жетекшілерінің өзара тәжірибе алмасуына ықпал ету /үйірме сабақтарына ену/	жыл бойы	ҚББП
39	Үйірме жетекшілерінің жылдық есебі, нәтижелерін талдап, бағалау	мамыр	ҚББП

IV бөлім. МЕКТЕПШІЛІК БАҚЫЛАУ

Р/с	Атқарылатын жұмыстар	Мерзімі	Жауапты
1	Үйірме жұмыстары және шығармашылық топтардың жұмыстарына бақылау жасау	жыл бойы	ҚББП
2	Өрт қауіпсіздігін сақтаудың жағдайын қадағалау	жыл бойы	ҚББП
3	Үйірме сабақтарындағы жоспарда ұлттық құндылықтардың қамтылуын бақылау	қазан	
3	Зертханалық жұмыс жүргізілу барысында қауіпсіздікті сақтауды қадағалау	қаңтар	ҚББП
4	Дене тәрбиесі бойынша үйірме сабақтарында санитарлық-гигиеналық талаптардың орындалуын бақылау	сәуір	ҚББП

V бөлім. ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІМЕН БАЙЛАНЫС

1	Аудандық оқушылар үйі	жыл бойы	ҚББП
2	Ауыл орталығында орналасқан Спорт мектебі	жыл бойы	ҚББП
3	Аудан орталығында орналасқан Өуез мектебі	жыл бойы	ҚББП
4	Мәдениет үйі	жыл бойы	ҚББП
5	Ғ.Мұратбаев атындағы мемориалды мұражайы	жыл бойы	ҚББП
6	Аудандық «Өлкетану» мұражайы	жыл бойы	ҚББП
7	Аудандық орталық кітапханасы	жыл бойы	ҚББП
8	Қазалы аудандық Жастар ресурстық орталығы	жыл бойы	ҚББП
9	Ауылдық мәдениет үйі	жыл бойы	ҚББП

Қосымша білім беру педагогы:



Б.Құрманәлі